

"Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы
№ 7-1/587 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2021 жылғы 13 тамыздағы № 241 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 тамызда № 24030 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды белгілейді, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылатын ветеринариялық нормативтердің негізінде ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) ауру бойынша саламатсыз пункт (саламатсыз пункт) – эпизоотия ошағы белгіленген аумақ;"

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жануарларға, жануарлардың соматикалық және жыныстық жасушаларына қойылатын талаптар "Еуразиялық экономикалық одақта ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (

қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарда (бұдан әрі – Бірыңғай ветеринариялық талаптар) белгіленген."

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 7-1/393 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11618 болып тіркелген) бекітілген Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын іріктеу қағидаларында белгіленеді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 7-1/678 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11926 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін лазерлік станцияларды, бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу қағидаларына сәйкес белгіленеді.";

18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Жеке және заңды тұлғалар жануарлар мен адам үшін ортақ ауруларды қоса алғанда, жануарлар ауруларының алдын алу бойынша мыналарды қамтамасыз етеді:

1) осы Қағидаларды сақтай отырып, жануарлар ауруларының алдын алуды және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ветеринариялық және әкімшілік-шаруашылық іс-шараларды жүзеге асыру;

2) хайуанаттар бағындағы, цирктердегі, омарталардағы, аквариумдардағы жануарларды қоса алғанда, жануарларды осы Қағидаларға және ветеринариялық нормативтерге сәйкес күтіп-бағуды, өсіруді және пайдалануды жүзеге асыру;

3) қоршаған ортаның ластануына жол бермеу;

4) аумақтарды, мал шаруашылығы қора-жайларын, сондай-ақ азықты, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты сақтауға және өңдеуге арналған құрылысжайларды осы Қағидалар мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес ұстау;

5) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-бағуға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, өңдеуге және өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде,

сондай-ақ тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды сақтау;

б) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру;

7) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені;

жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлауға және ауру деп күдік келтірілген кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдану;

8) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларын уақтылы вакциналау және диагностикалау;

9) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларға орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ветеринариялық тексеріп қарауға кедергісіз беру;

10) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың актілерін орындау ;

11) өткізуге арналған жануарларды союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей және сойғаннан кейін ұшалары мен органдарына ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай союға жол бермеу;

12) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 7-1/370 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11591 болып тіркелген) бекітілген Кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру қағидаларына сәйкес ет өңдейтін кәсіпорындарда, сою пункттерінде немесе ауыл шаруашылығы жануарлары сойылатын алаңдарда кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды жүргізу;

13) ветеринария саласындағы мамандарға ветеринариялық іс-шараларды жүргізу бойынша қызметтік міндеттерін орындау кезінде көмек көрсету;

14) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 7-1/700 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 10223 тіркелген) бекітілген Жануарларды карантиндеу қағидаларына (бұдан әрі – Жануарларды карантиндеу қағидалары) сәйкес жануарларды карантиндеу;

15) жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, азықтық қоспаларға арналған нормативтік техникалық құжаттаманы Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 7-1/625 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10298 тіркелген) бекітілген Жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттаманы келісу қағидаларына сәйкес келісу.

19. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, дайындайтын, сақтайтын, қайта өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11837 болып тіркелген) бекітілген Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 7-1/832 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12208 болып тіркелген) бекітілген Жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (жануарларды сою), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 7-1/848 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12243 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес белгіленеді.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Ғылыми зерттеулер нәтижесінде эзірленген немесе жетілдірілген ветеринариялық препараттар, азықтық қоспалар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 7-1/611 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10287 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарын жүргізу қағидаларына сәйкес олардың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау мақсатында байқаудан өткізілуі тиіс.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Ауыл шаруашылық жануарларын тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттарын (мал айдау жолдарын) Заңның 21 бабының 3 тармағына сәйкес тиісті аумақтардың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларымен келісе отырып ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органдары белгілейді.

Жануарларды маусымдық жайылымдарға, ет өңдеуші кәсіпорындары мен мал сатып алу орындарына айдап апару үшін ұзақ мерзімді пайдаланылатын мал айдау

жолдарына, айдалатын малдың жолдағы азығын қамтамасыз ететін мөлшерде жер пайдалану шекарасының бойындағы жайылымдық алқаптардан жер учаскелері беріледі

Бір ауданның шегінде мал айдауға арналған ұзақ мерзімді пайдаланылатын мал айдау жолдарына жер учаскелерін аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары береді.

Бірнеше ауданның аумағы арқылы мал айдау үшін мал айдайтын жолдарға жер учаскелерін беру туралы шешімді облыстың жергілікті атқарушы органы қабылдайды."

25, 26, 27 және 28-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Ветеринариялық есепке алу және есептілік Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 16-07/114 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9342 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық есепке алу және есептілік нысандары бойынша және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 7-1/394 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11265 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық есепке алу және есептілікті жүргізу, ұсыну қағидаларына сәйкес жүргізіледі және ұсынылады.

26. Ветеринариялық анықтамаға және ветеринариялық-санитариялық қорытындыға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларында және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарда белгіленеді.

27. Сараптама актісіне (сынақ хаттамасына) қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 7-1/19 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10410 болып тіркелген) бекітілген Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларында белгіленеді.

28. Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) жерасты ыза суларының деңгейі жер бетінен кемінде 2 метр болатын құрғақ биік жер учаскесінде орналастырады.

Мал қорымына арналған санитариялық-қорғаныш аймағының (биотермиялық шұңқырдың) өлшемі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 237 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11124 болып тіркелген) бекітілген "Өндірістік объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша

санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес айқындалады. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың аумағында орналасқан мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) қосалқы құрылысжайлардың құрамына кіреді.

Мал қорымының (биотермиялық шұңқырдың) аумағын кіру қақпасы бар биіктігі кемінде 2 метр болатын саңылаусыз дуалмен қоршайды. Дуалдың ішкі жағынан бүкіл периметрі бойынша тереңдігі 0,8-1,4 метр ор қазады және ені кемінде 1,5 метр белес жасайды.

Ордың үстінен көпір салады.

Су қорғау, орманды бақ және қорықтық аймақтарда мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) орналастырмайды.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Процессинг орталығына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 7-1/179 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10749 болып тіркелген) бекітілген Процессинг орталығының жұмыс істеу қағидаларында белгіленеді.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы мен жою жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 16-07/332 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9639 болып тіркелген) бекітілген Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Жоспарлау қағидалары) сәйкес жүзеге асырылады.";

40-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Жануарларды карантиндеу қағидаларына сәйкес жануарларды карантиндеу;"

125-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"125. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарының бөлімшесі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 767 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6027 болып тіркелген) бекітілген Өңірлендіру, аумақты аймақтарға, компартаментке бөлу қағидаларына сәйкес аумақтарды аймақтарға бөлуді жүзеге асырады.

Саламатсыз пунктте жүргізілетін іс-шаралар мыналарға жол бермеуді көздейді:

1) аусыл бойынша саламатсыз пункттен жануарлардың барлық түрлерін, оның ішінде құстарды әкелу (кіргізу) және әкету (шығару);

2) саламатсыз пунктте жануарлардан алынған өнім мен шикізатты, азықты, азықтық қоспаларды дайындау және одан шығару, сондай-ақ инфекция жұққан мүкәммалды, материалдарды және өзге де материалдық-техникалық құралдарды шығару;

3) ошақтың, саламатсыз пункттің ішінде жануарларды қайта топтастыру (ауыстыру)

4) ішкі сауда объектілерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауға жататын объектілердің көрмелер, жәрмеңкелер, сауда-саттық өткізу, сондай-ақ саламатсыз пункттің аумағында жануарлардың, адамдардың және көліктің шоғырлануына байланысты басқа да іс-шараларды өткізу;

5) саламатсыз пункттен сүт шығару және пайдалану;

6) жануарларды қолдан ұрықтандыру үшін саламатты шаруашылықтарға ұрық шығару;

7) көліктің барлық түрлерінің саламатсыз пункт арқылы өтуі. Көліктердің межелі жеріне өтуі үшін айналып өтетін жолдар анықталуы және көрсеткіштермен белгіленуі тиіс. Қажет болған жағдайда, қолайсыз пунктке арнаулы тағайындалған көліктің кіруіне және шығуына болады. Бұл ретте, саламатсыз пункттен шығарда көлік, шығатын адамдардың сыртқы киімдері және аяқ киімдері міндетті түрде дезинфекциялануы тиіс. Осы мақсатта бір жолды белгілейді, онда саламатсыз пункттің шекарасында шығатын адамдардың сыртқы киімін зарарсыздандыру үшін дезинфекциялау камерасын, аяқ киімді дезинфекциялау үшін дезинфекциялау ерітіндісі және щеткасы бар ыдысты, көлікті дезинфекциялау үшін дезинфекциялық қондырғыны, кезекшілер үшін қарауыл күркесін және олардың киімдерін санитариялық тазарту кезінде көрсетілген тұлғалардың болуы үшін вагон орнатады.";

145-5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"145-5. Жануарларды сібір жарасына қарсы вакциналау нәтижелері бойынша Жоспарлау қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізілген ветеринариялық іс-шара туралы акт ресімделеді, оған Жоспарлау қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордағы мәліметтерге сәйкес келетін жеке нөмірлері көрсетіле отырып, вакциналауға ұшыраған жануарлардың тізімдемесі қоса беріледі.";

145-26, 145-27 және 145-28-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"145-26. Жануарлардың құтыру ауруының алдын алу мақсатында жеке және заңды тұлғалар (жануарлардың иелері) меншік нысанына қарамастан мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын сақтайды;

2) оларға тиесілі иттер мен мысықтарды клиникалық тексеру және антирабиялық вакцинамен алдын ала егу үшін ветеринариялық емдеу-профилактикалық ұйымдарына жеткізеді;

3) құтыруға қарсы егілмеген иттердің жеке аулаларға, фермаларға, табындарға, отарлар мен табындарға жіберілуін шектейді;

4) жабайы жануарларды табындарға, отарларға, табындарға, шаруашылық жүргізуші субъектілерге және жануарлардың басқа да топтарына жібермеу шараларын қабылдайды;

5) ауыл шаруашылығы және үй жануарларын жабайы жыртқыштар, иттер немесе мысықтар тістеген жағдайларда, ауруға күдікті немесе тістелген жануарларды оқшаулауға қажетті шаралар қолданады;

6) өз жануарларының құтыруға қарсы уақтылы вакциналануын және диагностикасын қамтамасыз етеді.

145-27. Адамдарды немесе жануарларды тістеген иттерді, мысықтарды және басқа да жануарларды (құтырудың айқын белгілері бар жануарларды қоспағанда) иесі немесе қараусыз қалған иттер мен мысықтарды аулайтын арнайы бригада осы аумаққа қызмет көрсететін ветеринариялық емдеу ұйымына немесе ветеринариялық дәрігерге күнтізбелік 10 (он) күн ішінде дереу жеткізуі тиіс.

145-28. Ветеринариялық емдеу ұйымының немесе осы аумаққа қызмет көрсететін ветеринариялық дәрігердің рұқсаты бойынша адамдарды немесе жануарларды тістеген жануарды күнтізбелік 10 (он) күн бойы оқшауланған үй-жайда ұстауға және оны ветеринариялық дәрігердің қарауына ұсынуға жазбаша міндеттеме берген иесінде қалдырады.";

145-32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"145-32. Жануардың ветеринариялық паспортында Бірыңғай ветеринариялық талаптарға № 2 және 3-қосымшаларға сәйкес тиісті белгілер жасалынады.";

32-тараудың 1-параграфының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-параграф. Ірі қара малдың, қой мен ешкінің энзоотиялық (хламидиоздық) түсігінің профилактикасы жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібі";

342, 343, 344, 345 және 346-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"342. Ірі қара малдың, қойлар мен ешкілердің хламидиозды іш тастауымен ауыруының алдын алу үшін:

1) шаруашылық жүргізуші субъектіге жаңадан келіп түскен жануарларды карантиндеу;

2) қора-жайлардың, жайылымдардың, суат орындарының тиісті ветеринариялық-санитариялық жай-күйде ұсталынуы;

3) олардың толыққанды азықпен қамтамасыз етілуі;

4) отарларға жайылымдар мен суару орындарын бекітілуі қажет.

343. Асыл тұқымды ірі қара мал, қойлар мен ешкілер шаруашылықтарда Жоспарлау қағидаларының талаптары ескеріле отырып, әрбір 6 ай сайын серологиялық тексеруден өтеді.

344. Төлдеу мен қозылау оқшауланған секцияларға (торларға) бөлінген жеке үй-жайларда жүргізіледі.

345. Ірі қара мал мен қойдың энзоотиялық (хламидиоздық) іш тастауына диагноз қойылған кезде шаруашылық жүргізуші субъектіні саламатсыз деп жариялайды және шектеу іс-шараларын енгізеді.

346. Шектеу іс-шараларының шарттары бойынша:

1) ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының рұқсатынсыз ірі қара мал басын саламатсыз пунктке кіргізуге және шығаруға, жануарларды қайта топтастыруға;

2) ауру жануарлар жанасқан қой шаруашылығының, ешкі шаруашылығының шикі өнімін және азықтың барлық түрлерін әкетуге;

3) қой мен ешкілерді еркін шағылыстыруға;

4) ауру жануарлардан алынған шикі өнімді ет қоректі және көп қоректі жануарлармен азықтандыруға жол берілмейді.";

348 және 349-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"348. Саламатсыз пунктте тұқымдық бұқалар мен қошқарларды (текелерді) егу алдында хламидиозға тексереді. Оң немесе күмәнді реакция берген жануарларды оқшаулайды және күнтізбелік 30 күннен кейін қайта зерттейді. Егер қайта зерттеу кезінде оң немесе күмәнді нәтиже алынса, бұл жануарларды союға жібереді, ал теріс нәтиже берілсе оларды вакциналайды. Вакциналанған бұқаларды, қошқарларды (текелерді) мақсаты бойынша пайдаланады.

349. Саламатсыз отарлардан қалыпты төлдеген ірі қара мал мен қалыпты қозылаған қойлардың (ешкілердің) сүтін тамаққа қайнатылған немесе сүт қышқылды түрінде пайдаланады.";

818-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) саламатсыз пункт;"

819-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"819. Саламатсыз пунктте жоғары патогенді құс тұмауының қоздырғышын жою және оның одан әрі таралуының алдын алу бойынша шаралар жүргізіледі. Ол үшін саламатсыз пунктте барлық құстарды (өлекселерді, ауру құстарды, шартты түрде сау және сау құстарды) олардың түрі мен жасына қарамай өртеу арқылы жояды.

Вируспен ластанған және ластануы мүмкін орындарын (құс қоралары, аулалар, сою, тасымалдау, кәдеге жарату орындары) Қазақстан Республикасында және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялау құралдарымен дезинфекциялайды.

Саламатсыз пункттің аймағынан құсты және құс шаруашылығы өнімдерін шығаруды толығымен тоқтатады. Саламатсыз пункт аймағының шекарасында ветеринариялық-санитариялық (карантиндік) бекеттер ұйымдастырады. Қажет болған жағдайда, осы аймақтан жануарлардың барлық түрлерінің сыртқы аумаққа қозғалуын толығымен тоқтатады.";

1086, 1087 және 1088-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1086. Жеке қосалқы шаруашылықтар үшін профилактикалық іс-шараларды осы эпизоотологиялық бірлікке қызмет көрсететін МВҰ-ның, ВП-ның ветеринариялық дәрігерлері жасайды және МВҰ, ВП жасайтын Жоспардың құрамдас бөлігі болып табылады. Жоспарда барлық іс-шаралар эпизоотологиялық бірліктер бойынша бөлінеді. Эпизоотологиялық бірліктердің саны өзгерген жағдайда, ветеринариялық дәрігер Жоспарға өзгерістер енгізеді.

Әрбір ВП Жоспарды МВҰ-ға жібереді. МВҰ облыстың ЖАО бөлімшелерімен, ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы ауданның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша аудан үшін жиынтық Жоспар жасайды және бекітеді.

МВҰ Жоспарды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ЖАО бөлімшесіне жібереді. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ЖАО бөлімшелері сәйкесінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық бөлімшелеріне ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосын келісуге жібереді. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ЖАО бөлімшесі облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің жетекшілік ететін орынбасарының қолы қойылған Жоспарды ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосына жолдайды. Ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың Жоспарлары негізінде республикалық Жоспар әзірлейді, оны ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының төрағасы бекітеді және ветеринария саласындағы уәкілетті органның жетекшілік ететін вице-министрі келіседі.

1087. Республика, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан, облыстық маңызы бар қала деңгейіндегі Жоспар эпизоотологиялық бірліктер саны мен олардың саламаттылық мәртебесі көрсетілген іс-шаралар тізбесін қамтуы тиіс және мынадай үш бөлімнен тұруы тиіс:

1) ұйымдастырушылық-шаруашылық іс-шаралар (жануарларды бірдейлендіру, эпизоотологиялық бірліктерді қалыптастыру, жануарларды мал шаруашылығы технологиясымен (бар болса) күтіп-бағу шарттары);

2) ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар (дезинфекция, дератизация, дезинсекция);

3) арнайы ветеринариялық іс-шаралар (диагностика, профилактика, сауықтыру).

Сондай-ақ, Жоспар үш бөлімге бөлінеді: саламатты пункт, саламатты эпизоотологиялық бірлік, саламатты пункт немесе қосымша диагностикалық зерттелетін эпизоотологиялық бірлік, вакциналанатын, саламатсыз пункт.

Жоспар халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органға адамның бруцеллезбен ауруына жол бермеу жөніндегі

профилактикалық іс-шаралардың бірлескен республикалық жоспарын дайындау үшін жіберіледі. Эпизоотологиялық бірліктер деңгейіндегі кез келген өзгерістер тиісті Әкімшілік-аумақтық бірліктің жоспарына енгізіледі, содан кейін бұл өзгерістер ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, республиканың Жоспарларына енгізіледі. Жоспарға өзгерістерді енгізуді аудан, облыстық маңызы бар қала, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде – МВҰ, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ЖАО-ның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері, республикалық деңгейде – ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы жүзеге асырады.

1088. Қазақстан Республикасының аумағында бруцеллезге қарсы вакциналауға жол беріледі.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында Бірыңғай ветеринариялық талаптарға сәйкес вакциналанған ірі қара малды, қойлар мен ешкілерді, вакциналанған жануарлардан алынған тұқымдық жануарлардың шәуетін тасымалдауға жол берілмейді. Вакциналанған тірі жануарларды және вакциналанған жануарлардан алынған өнімді үшінші елдерге экспорттау импорттаушы елдің талаптарына сәйкес келген кезде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы аумағының ішінде әртүрлі мәртебедегі эпизоотологиялық бірліктер арасында жануарлардың орнын ауыстыруға жол берілмейді. Вакциналау жүргізілген эпизоотологиялық бірліктен вакциналау жүргізілмеген эпизоотологиялық бірлікке вакциналанған жануарлардың орнын ауыстыруға рұқсат етілмейді. Эпизоотологиялық бірліктерден вакциналау жүргізіліп жатқан эпизоотологиялық бірлікке вакциналанған жануардың орнын ауыстыруға рұқсат етіледі.

Вакциналау жүргізілген эпизоотологиялық бірліктен вакциналау жүргізілмеген эпизоотологиялық бірлікке вакциналанған тұқымдық жануарлардан алынған шәуеттің орнын ауыстыруға рұқсат етілмейді. Эпизоотологиялық бірліктен вакциналау жүргізіліп жатқан эпизоотологиялық бірлікке вакциналанған тұқымдық жануаран алынған шәуеттің орнын ауыстыруға рұқсат етіледі.

Бруцеллезге қарсы вакцина Қазақстан Республикасында немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген болуы және www.oie.int сайтында жарияланған Дүниежүзілік жануарлар саулығы ұйымы ұсынған тізімде болуы тиіс.

Бруцеллезге қарсы вакцинаны таңдауды жануарлардың иелері жүзеге асырады. Бұл ретте, жануарлардың иесі МВҰ ветеринариялық дәрігеріне жануарларды вакциналау басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 7 күн бұрын вакциналау жүргізілгені туралы, сондай-ақ таңдап алынған бруцеллезге қарсы вакцина және оны қолдану әдісі туралы хабарлайды.

МВҰ-ның және ВП-ның ветеринариялық дәрігері және/немесе өндірістік бақылау бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері бруцеллезге қарсы вакцинаны қолдану бойынша

өндіруші белгілеген мерзім ішінде жануарлардың орнын ауыстыруға, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өткізуге арналған ветеринариялық анықтаманы ресімдемейді. МВҰ-ның және ВП-ның ветеринариялық дәрігері және/немесе өндірістік бақылау бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері жануарларды вакциналау туралы деректерді/мәліметтерді тиісті ақпараттық жүйеге және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына енгізеді.

Жануарларына вакциналау жүргізілген эпизоотологиялық бірлік 3 жылдық мерзімге қосымша диагностикалық зерттелетін саламатты эпизоотологиялық бірлік мәртебесіне өтеді. Бұл жағдайда, қосымша диагностикалық зерттеулер жануарлар иелерінің есебінен жүргізіледі. Қосымша диагностикалық зерттелетін саламатты эпизоотологиялық бірлік өзінің мәртебесін жануарларды бруцеллезге қарсы соңғы вакциналаған сәттен бастап 3 жыл бойы сақтайды.

МВҰ-ның ветеринариялық дәрігері вакцина қолдану туралы ақпаратты алғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде оны аудандық аумақтық инспекцияға (бұдан әрі – ААИ) жолдайды.

ААИ аудандық ветеринариялық зертханамен бірлесіп бруцеллезге қарсы вакцинаны қолдану жөніндегі тәлімдемеге сәйкес Диагностикалық зерттеулер жоспарын және әдістерін түзетеді, (бруцеллезге қарсы вакцинаны қолдану жөніндегі тәлімдемеде көрсетілген мерзім ішінде жануарлар бруцеллезге диагностикалық зерттеулерге тартылмауы тиіс).

Бруцеллезге қарсы вакцина қолданылғанға дейін күнтізбелік 20 күн бұрын ауыл шаруашылығы жануарлары диагностикалық зерттеулерден өтеді. Егер диагностикалық зерттеулерді жүргізу мерзімдері вакциналау жүргізгенге дейін күнтізбелік 15-20 күннен аспайтын болса, онда вакциналауды жоспарлы диагностикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша жүргізуге болады.

Тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жоспарлы зерттеулер мөлшерінен артық бұл диагностика осы эпизоотологиялық бірліктің алдыңғы жоспарлы диагностикалық зерттеулері жүргізілген зертханаларда Заңның 35-бабы 2-тармағына сәйкес мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілері иелерінің есебінен ақылы негізде жүргізіледі. Егер жануарлар иелері вакцина қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін тексерілетін вакциналанған жануарларды қайталама диагностикалық зерттеу нәтижелерімен келіспесе, онда жануарлар иелері штамды (далалық немесе вакциналанған) айқындауға сараланған диагностикалық зерттеулер жүргізу үшін Заңның 11-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес құрылған ветеринариялық зертханаға жүгінуге рұқсат етіледі. Бруцеллезге қарсы вакциналарды сатып алу және оларды қолдану жануарлар иелерінің есебінен жүзеге асырылады.

Жануарларды диагностикалық зерттеулерге жол берілмейтін мерзім аяқталғаннан кейін осындай зерттеулер эпизоотологиялық бірліктің саламаттылығына қарай жүргізіледі.";

1092-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1092. Алғашқы диагностикалық зерттеулердің қорытындылары бойынша күмәнді нәтиже анықталған жағдайда, берілген сараптама актілеріне (сынақ хаттамаларына) сәйкес саламатты пункттерде (эпизоотологиялық бірліктерде):

1) күнтізбелік 15-20 күннен кейін күмәнді әсер берген жануарларды осы Қағидалардың 1090-тармағында көрсетілген әдістерді қолдана отырып, жүргізілетін диагностикалық зерттеулер кешенімен қайта зерттеу жолымен диагнозды нақтылау;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 16-07/333 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8662 болып тіркелген) бекітілген Нұсқама нысандарына, оларды жасау және беру қағидаларына сәйкес берілген нұсқама бойынша диагноз толық нақтыланғанға дейін барлық күмәнді әсер берген жануарларды қалған мал басынан оқшаулау жүргізеді.";

1095-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1095. ВП мамандары ауру жануарларды ыстық немесе суық таңбалау әдістерімен жақ немесе сауыр тұсына "Б" әрпін жазу жолымен белгілейді.";

1101-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1101. Саламатты аймаққа жаңадан келіп түскен жануарларды (оның ішінде асыл тұқымды) Еуразиялық экономикалық одақтың талаптарына сәйкес кемінде күнтізбелік 21 күн мерзімде қалған жануарлардан оқшау ұстау (профилактикалық бақылау) және бруцеллезге, тұқымдық қошқарларды, сондай-ақ инфекциялық эпидидимитке диагностикалық зерттеулерден өткізу қажет.

Бруцеллезге оң нәтиже алынған жағдайда, тиісті әкімшілік аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы кейіннен сою және өнеркәсіптік өңдеу үшін өнім берушіге жануарларды қайтару туралы шешім қабылдайды.";

1115-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1115. Бруцеллезбен ауыратын жануарларды және олардан алынған төлді басқа жануарлардан дереу оқшаулап, күнтізбелік 7 (жеті) күннен асырмай асыл тұқымдық және өндірістік құндылығына, салмақ кондицияларына, жасына, физиологиялық жай-күйіне қарамастан, бордақыламай және серуендетпей союға тапсыру қажет.";

1125-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1125. Бұған дейін саламатты болған табындарда, шаруашылық жүргізуші субъектілерде түсік тастаған жануарлардан бруцеллез анықталғанда, диагнозы расталса, осы табындағы барлық ауру жануарларды күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде союға тапсырады.";

1127-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1127. Ірі қара малдың бруцеллезі бойынша саламатсыз пунктті сауықтыру қатарынан екі рет теріс нәтиже алғанға дейін әрбір күнтізбелік 15-20 күн сайын РБС-да, КБР-да жүйелі түрде диагностикалық серологиялық зерттеу, кейіннен ауру жануарларды оқшаулау және сою жолымен жүзеге асырылады, бруцеллезбен ауыратын жануарлар анықталған шаруашылық жүргізуші субъектілерде жануарлар болған жағдайда да теріс нәтиже алғанға дейін әрбір күнтізбелік 15-20 күн сайын жүйелі түрде диагностикалық серологиялық зерттеу жүргізіледі, кейіннен ауру жануарлар оқшауланады және сойылады және ауру мысықтар мен иттер жойылады.

РБС немесе КБР әдістері бойынша оң нәтиже алынған жағдайда, жануар бруцеллезге оң әсер береді деп саналады.";

1129-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1129. Оң әсер беретін жануарларға ыстық немесе суық таңбалау әдістерімен жақ немесе сауыр тұсына "Б" әрпін жазу жолымен белгі салады, оларды дереу табыннан оқшаулайды және ауру табылған уақыттан бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей сояды. Ауру жануарлар ұсталған қора-жайларға мұқият дезинфекциялау жүргізеді (ауру жануар анықталған әрбір оқиғадан кейін).";

"1135. Ұсақ малдың бруцеллезі бойынша саламатсыз пунктті сауықтыру қатарынан екі рет теріс нәтиже алғанға дейін әрбір күнтізбелік 15-20 күн сайын РБС-да, КБР-да жүйелі түрде диагностикалық серологиялық зерттеу, кейіннен ауру жануарларды оқшаулау және сою жолымен жүзеге асырылады, бруцеллезбен ауыратын жануарлар анықталған шаруашылық жүргізуші субъектілерде жануарлар болған жағдайда да теріс нәтиже алғанға дейін әрбір күнтізбелік 15-20 күнтізбелік күн сайын жүйелі түрде диагностикалық серологиялық зерттеу жүргізіледі, кейіннен ауру жануарлар оқшауланады және сойылады және ауру мысықтар мен иттер жойылады.

РБС немесе КБР әдістері бойынша оң нәтиже алынған кезде жануар бруцеллезге оң нәтиже берген болып есептеледі.

Диагностикалық зерттеулердің қорытындылары бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға диагностикалық зерттеулердің нәтижелері туралы белгі енгізіледі."

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы*

Е. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі